



Автор: dusirova kunira airovna

Пән: География

Сынып: 7-сынып



Бөлім: Физикалық география/Атмосфера

Тақырып: 7.3.2.1. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Атмосфера құрамын сипаттайды Атмосфера құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді. |
| Сабақтың мақсаты: | Атмосфераның Жердегі тіршілік үшін маңызын білу Атмосфераның құрамдас бөліктерін ажыратады, оқушылардың ойлау қабілетін, картамен, интерактивтік тақтамен оқулықпен жұмыс жасай білу, білім-білік дағдыларын жетілдіру, география пәніне қызығушылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны дамыту, талдау, салыстыра білу қабілетін дамыту, оқушыларды еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғай білуге, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу; табиғат құбылысының апаттарынан сақтана білуге үйрету. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқылым: Мәтінді оқи отырып атмосфералық құбылыстарды біледі, метеорологиялық аспаптар жайлы білім алады, ауа-райы, климат ұғымын зерделейді. Тыңдалым: Бір- бірінің пікірін тыңдайды, тақырыпқа сай термин сөздерді талқылайды |
| Күтілетін нәтиже: | Атмосфералық құбылыстарды сипатта алу, атмосфераның құрамы мен құрылысына талдау жасай біліу |
| Бағалау критерийлері: | Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер: Түсіну Оқушылар атмосфералық құбылыстарды біледі, күнделікті өмірімізде құбылыстардың мәнін түсінеді Қолдану Тәжірибеде: 1. Шарды үріп қайтадан желін жібердік енді ауаны көреміз бе 2. Шарды үріп оқушының қолына жақындатсақ нені байқаймыз. 3. Аузы ашық банкаға қағаз жағып саламыз, ал бетін жапқанда не байқаймыз? Талдау Атмосфера қабаттарының құрамын түсінеді, қабаттарының маңызын, таралу биіктігін талдайды. Жинақтау Атмосфера жайлы қосымша ақпараттар жинайды, баға береді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Топтық жұмыста – ұжымшылдық, ортақ істің нәтижесіне жауапкершілікпен қарау, жеке жұмыс-тәжірибеде қолдана білуге үйрену. Табғатты қорғауға, табиғатқа өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Электронды оқулықтар, оқулық, слайдттар |
| Пәнаралық байланыс: | Экология – ауа райының құбылысы және атмосфералық ластануда Математика- атмосфераның құрамының пайызын білуде, ауа райының көрсеткішін білуде. Тарих- Ертедегі метеорологиялық зерттеудегі еңбек сіңірген ғалымдар және атмосфера құрамын зерттеген ғалымдар жайлы мәліметте |
| Бастапқы білім: | 5- сыныпта Атмосфера – жердің ауа қабаты 6 –сыныпта Атмосфера, оның құрылысы, ауаның құрамы |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------|---|--|
| Сабақтың басы (3 мин) | Ұйымдастыру Сәлемдесу Түгелдеу Психологиялық дайындық Сынып оқушыларын мозайка әдісі арқылы суреттерімен үш топқа бөлу. 1-топ Экологтар 2-топ Метеорологтар 3- топ Тарихшылар | Оқулық, Суреттер, Интербелсенді тақта, атлас, карта Youtube сайтынан видеоролик, Электронды оқулық |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--|--|--|
| Сабақтың ортасы (27 мин) | <p>«Бос терезелерді толтыру» әдісі Тақтадағы плакатта бейнеленген ауарайы элементтерін, құбылысын, ауа массасын оқушыларға толтырғызу, әроқушы білгеніне қарай кестені толтырады. Ауа райының элементтері Ауарайының құбылыстары Ауа массалары Климат құрушы факторларТемпература Жел Арктикалық, антарктидалық Географиялық орныЫлғалдылық Бұлттылық Қоңыржай ендік Ауа алмасуы (ауа массасы)Атмосфералық қысым Тұман Тропиктік ауа Мұхит ықпалы Қырау Экваторлық ауа Жердің абсолют биіктігі Қылау Д. ж. мұхиттан қашықтығы Шық, Қар Жер бедері Бұршақ, Жауын Географиялық диктант. 1.Қыста аязда тартылған сымға тұрып қалатын мұз қиыршықтары. 2.Күзде жанасқан заттарға ауадан бөлінетін су тамшылары. 3. Бұлттан температура Оградустан төмен болғанда түсетін жауын- шашын түрі. 4.Күзде, қыста ауа температурасы төмендеп кеткен кезде, заттарға тұрып қалатын кристалды мұз. 5.Бұлттан сұйық күйінде түсетін жауын- шашын түрі. Жауабы: (қырау,шық, қар, қылау, жаңбыр,)</p> <p>«Палиглот» әдісі Тақырыпқа байланысты жұмбақ Әр жұмбақтың шешілуі қазақша-орысша- ағылшынша айтады. 1.Қанатсыз құс маңып барады, . Көзінен жас тамып барады 2. Күні- түні жүйткіді, Кең далада бір тарлан 3. Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын Биіктен қайта түскенде , өңі кірер даланың Жауабын оқушылар табады. Жауабы. 1. Бұлт-облако-cloud 2.Жел-ветер-wind. 3 Жаңбыр-дождь-rain</p> <p>Сергіту сәті Табиғат құбылыстары жайлы білдік. Енді видеороликтен табиғат қызықтарын тамашалайық. (айсберг, өзен, көл, тау туралы) видеороликті тамашалайды Топтық жұмыс Постер қорғау 1-топ экологтар Атмосфераны қорғау шаралары 2-топ. метеорологтар Ертедегі метеорологиялық зерттеудегі еңбек сіңірген ғалымдар 3-топ. тарихшылар Климат құрушы факторлар және адаптация Постерден кейін 3 топ бір – біріне сұрақ қояды Видеороликтен көргендерін, барлық ойларын жинақтап постер қорғайды</p> | Тірек -сызбалар Youtube сайты. Таңшолпан бағдарламасынан алынған видеоролик Плакат, маркер |
| Сабақтың соңы (7 мин) | <p>«Сағаттық белдеу» әдісі 1 тәулікте 24 сағат бар болуына байланысты сағат тілдеріне 2 сұрақтан жазылған парақ ілінеді. 24 сұрақты 4 топтан 1 оқушы 6 сұрақтан бөліп алады. Сұрақтарға оқушылар ақылдасып топпен жауап береді. 1.Жер шарында ауа массасы қанша? 2.Мұхит үстінде ауа ылғалды болса, құрлық ауа массасы қандай болады? 3. Атмосфераның ең төменгі қабаты? 4. Тропосфераның қалыңдығы экваторда қанша км? 5. Грекше тропосфера қандай мағына береді ? 6. Атмосфераны зерттеу қашаннан басталды? 7. Стратосфераның биіктігі қанша? 8. Ауа өте құрғақ болады қайда? 9. Радиозондтардың шарықтау биіктігі қанша? 10. Бұлт дегеніміз не? 11. Изобара деген не? 12. Сендер қалай ойлайсыңдар? Өз аймақтарыңның ауа райы уақыт өте келе өзгеруі мүмкін бе? Және т.б. сұрақтар қамтылады.</p> |  |
| Рефлексия (3 мин) | <p>байланыс «Алақан» тәсілі Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылыр сабақты түсінген немесе түсінбеген және сұрақтары бар болса бес саусақ парақшасына өздерінің ойларын жеткізіп жазады. Басбармақ - бүгін мен жаңадан нені үйрендім? Балан үйрек - Бүгін мен не жасадым, неге қол жеткіздім? Ортан терек - сабаққа байланысты көңіл күйім. Шылдыр шүмек - Бүгін кімге көмектесе алдым? Кішкене бөбек - Қандай қиындық болды, оны қалай жеңдім?</p> |  |
| 7.3.2.1. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері | <p>Жаңа тақырыпқа байланысты тема видеоролик көрсетемін. Тақырыпқа байланысты сұрақ қоя отырып, спиралды білім беру жүйесі бойынша 5,6 сыныпта атмосфера тақырыбына сай сұрақ қоя отырып тақырыпты талқылаймын.</p> | |